



БҰЙРЫҚ

2024 ж. 09 ақпан
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ *47*
город Астана

«Ұлттық режимнен алып тастауға жататын машина жасау тауарларының және химия, металлургия және құрылыс өнеркәсіптері тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 114 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Ұлттық режимнен алып тастауға жататын машина жасау тауарларының және химия, металлургия және құрылыс өнеркәсіптері тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 114 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлттық режимнен алып тастауға жататын машина жасау тауарларының және химия, металлургия және құрылыс өнеркәсіптері тауарларының, жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің тізбесінде:

«Машина жасау тауарлары» деген бөлім, 1524-1 және 1524-2 реттік нөмірлері мынадай редакцияда жазылсын:

«

1524-1	Жалғастырғыш шоғырсым үшін, полиэтиленді, жалғастырғыш	273313.700.000017
1524-2	Жалғастырғыш шоғырсым үшін, поливинилхлоридті, жалғастырғыш	273313.700.000018

»;

«Машина жасау тауарлары» деген бөлім, 1524-21 реттік нөмірі мынадай редакцияда жазылсын:

«

1524-21	Жалғастырғыш кабельдік, шеткі, термиялық отырғызылатын	271210.900.000066
---------	--	-------------------

».

2. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Өнеркәсіп комитеті:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күні Тізбені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне ұсынуды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Өнеркәсіп және құрылыс
министрі**



Е. Нағаспаев